

D050- Философия және этика

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Әлемдік философиялық мұра. 2-том.
2. Антикалық философия: 20 томдық /құраст.: Қ. Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. - Алматы: Жазушы, 2005.
3. Бүкіләлемдік-азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы. Мәңгілік бейбітшілік жөнінде / Кант, И. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.
4. Әл-Фараби Әбу Насыр: Он томдық шығармалар жинағы / құраст.: Ә. Н. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова; ауд.: С. Асанов ж.б. - Астана: Лотос-Астана, 2007.
5. Кант және Гегель философиясы: жиырма томдық / құраст.: Ж. Әбділдин, Қ. Әбішев. - Алматы: Жазушы, 2006.
6. Ғылым мен техниканың батыстық философиясы: 20 томдық / құраст. және ғылыми ред.: Ә. Н. Нысанбаев, М. С. Сәбит.- Алматы: Жазушы, 2006.
7. Әл-Машани, А. Әл-Фараби көпірі / Құрастырған М.Ақсан. – Алматы: «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы, 2020.
8. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. - Алматы, 2000.
9. Картаева, А. Абайдың "толық адам" ілімі және қоғамдық сананы жаңғырту. - Астана: Алгоритм, 2022.
10. Шаңбай, Т. Еркіндік фәлсафасы: Абай және Алаш алыптары.- Астана: Алгоритм, 2022.

Эссе тақырыптары:

1. Заманауи ғылымның дамуындағы философиялық аспектілерді талдау.
2. Қазіргі қоғамдағы моральдың рөлі және оның басқа құндылықтармен өзара әрекеттесуін талдау.
3. Адам және оның табиғи тіршілік мәніндегі әртүрлі философиялық идеяларды талдау.
4. Ғылым философиясы және жасанды интеллект этикасы.
5. Қазақ философиясы және оның әлемдік философиялық дәстүрмен байланысы.

Үлгілік емтихан сұрақтары:

1 блок

1. Антикалық философияның негізгі даму кезеңдері және олардың сипаттамасы.
2. Платонның идеялар әлемі мен сезімдік әлем туралы ілімі.
3. Аристотель философиясындағы «форма» мен «материя» ұғымдары,
4. Жаңа заман философиялық жүйелеріндегі гносеологиялық мәселелердің маңызы.
5. Бэконның эмпиризмді негіздеуі және әдіс мәселесі.
6. П. Гассендидің философиясындағы табиғатты тану мәселелері мен дін.
7. Б. Паскаль іліміндегі адамның парадоксалды болмысы және өзін-өзі тану борышы.
8. Ағартушылық дәуірі философиясының ерекшеліктері.
9. Ж.-Ж. Руссо философиясы: өркениетті сынау және «табиғи күйді» ақтау; қоғамдық келісім туралы ілімі.
10. Канттың сыншыл философиясы және трансценденталды философия ұғымы.
11. Шопенгауэр философиясындағы «өмірге құштарлық» және адам болмысы
12. Ницшенің «асқан адам» (сверхчеловек) концепциясының негізгі идеялары

13. Кьеркегор іліміндегі «экзистенциалды таңдау» және оның тұлғалық өзіндік болмысқа әсері
14. XX ғасырдағы философияның қалыптасуындағы басты үрдістер
15. З. Фрейд, К. Г. Юнг және Э. Фромм философиялық көзқарастарының салыстырмалы талдауы
16. М. Хоркхаймер, Т. Адорно және Г. Маркузенің философиялық көзқарастарының салыстырмалы талдауы
17. XX ғасырдың басындағы позитивизм философиясының негізгі бағыттары
18. XX ғасыр философиясындағы экзистенциалистік ағымдар
19. С. де Бовуар философиясындағы «феминистік теңдік» ұстанымы
20. Т. Кунның философиялық ұстанымы. Тарихилық қағидасы. «Парадигма» ұғымы

2 блок

1. Әлеуметтік философия: пәні, статусы, функциялары, мән мағынасы
2. Әлеуметтік-философиялық білімнің тарихы
3. Әлеуметтік-философиялық таным әдіснамасының мәселелері
4. Әлеуметтік-философиялық танымның негізгі парадигмалары
5. Философиялық талдау контекстіндегі қоғам
6. Мемлекеттің философиялық концепциялары
7. Адам болмысының әлеуметтік-мәдени негіздері
8. Қоғамның экономикалық болмысы
9. Қоғамның әлеуметтік болмысы
10. Қоғамның саяси болмысы
11. Әлеуметтік философия тарихындағы әлеуметтік құрылым категориясы (Платон мен Аристотельден бастап Дюркгейм, Маркс, Парсонс және Бурдьеге дейін)
12. Әлеуметтік құрылымды типологиялаудың негізгі тәсілдері (функционалистік, марксистік, структуралистік, постструктуралистік)
13. Идеалды мемлекеттің философиялық модельдері
14. Қоғамдық өмірдің әлеуметтік-тарихи контекстіндегі мәдениет
15. Әлеуметтік прогрестің негізгі теориялары
16. Қоғамның рухани өмірі: түсінігі, мағынасы, құрылымы
17. Әлеуметтік философия және тарих философиясы
18. Қазіргі заманғы әлеуметтік-философиялық дискурстың ерекшеліктері
19. Қоғамның сыни теориясы: Франкфурт философия мектебі
20. Цифрландыру және жасанды интеллект сын қатерлері жағдайындағы әлеуметтік философия

3 блок

1. Мифологиялық кезеңде адам мен табиғаттың арасындағы қатынастың рөлі және ерекшелігі қандай?
2. Қазақ философиясының және дүниетанымының қалыптасуына ықпал жасаған тарихи алғы шарты мен рухани арналар?
3. Жалпы түркілік философияның негізгі арқауы, танымдық өзегі?
4. Араб тіліндегі философияның қалыптасуына қомақты үлесін қосқан түркілік ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниетанымы және шығармашылығының негізі?
5. М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінің энциклопедиялық мән-мағынасы және түркі тілдес халықтардың ойлау логикасы мен өмір сүру дағдысы, тұрмысы, тарихының өзіндік философиясы болуы себебі?
6. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде тек әлеуметтік, этикалық қана

емес, орта-ғасырлық ойшылдардың рухани ізденістеріне тән қандай мәселелерді де кездестіреміз?

7. Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанындағы көкейтесті мәселелер және шығармашылығының негізгі түйінді ойлары қандай?
8. Қожа Ахмет Ясауидің ілімі, жолы мен мәдениеті қалыптауындағы негізгі қайнар, бастаулар және діни ілімінің рухани мәні?
9. Сүлеймен Бақырғанидың мистикалық ілімдерінің мәні?
10. Асан Қайғының шығармашылық келбеті және қайталанбас тұлғасының өзгешелігі неде?
11. Махамбет дүниетанымының өзіндік ерекшелігі және философиясының мәні?
12. «Зар-заман» ақындары шығармашылығының философиялық мәні?
13. Ш. Уәлиханов дүниетанымындағы этикалық-әлеуметтік көзқарастары және шығармашылық мұрасының мәні?
14. Ыбырай Алтынсариннің қазақ қоғамдық-философиялық ойын дамытудағы ағартушылық көзқарастары?
15. Абай Құнанбаевтың дүниетанымының генезисі және шығармашылығының жоғары құндылығы неде?
16. Абай шығармашылығындағы философиялық мәселелер?
17. Шәкәрім Құдайбердіұлы дүниетанымының өзіндік философиялық келбеті және философиялық-этикалық көзқарастары?
18. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дүниетанымдық төлтума ерекшелігі және гуманистік ұстанымының түпкі мақсаты?
19. XX ғасырдың басында Алаш зиялылары шығармашылығындағы қазақтың ұлттық ояну философиясы?
20. Алаш қайраткерлерінің саяси және әлеуметтік-философиялық идеялары?

